

Бекітемін.

Балабақша меңгерушісі: *А. Исакулова*



**«Меруерт-Ана» бөбөкжай- балабақшасы
ЖШС-нің педагог-психологтың 2024-2025
оқу жылына атқарған жұмыстарының
есебі.**

Педагог -психолог: Бахадирова Дилрабо

2024-2025 оқу жылында алға қойған **мақсатым**: «Педагогикалық ұжымда жағымды әлеуметтік-психологиялық климатты қалыптастыра отырып, баланың өзіндік дамуы мен жеке тұлға ретінде қалыптасуына ықпал ету.» Алға қойған мақсатыма жету үшін төмендегі **міндеттерді** өз міндетіме алдым.

1. Мектеп жасына дейінгі балалардың жеке тұлғасын үйлесімді дамытуға арналған қолайлы психологиялық жағдайлар жасау;
2. Балалардың жеке ерекшеліктеріне диагностика жасау, олардың қызығушылықтары мен қабілеттіліктерін айқындау;
3. Баланың жеке тұлғасы дамуындағы мүмкін болатын жағымсыз факторларды аңғару, оларды түзету.
4. Балалардың психологиялық денсаулығын сақтау және нығайту;
5. Педагогтар мен ата-аналардың арасында психологиялық сауаттылықты насихаттау;
6. Балабақшада психологиялық қызметке дұрыс әлеуметтік сұранысты қалыптастыру;
7. Білім беру үрдісінің барлық қатысушыларына уақытылы психологиялық қолдау көрсету.

Жылдық жоспар құрылып, бекітіліп, міндеттер айқындалғаннан кейін жоспарға сүйене отырып, психологиялық қызмет **4 бағытта** жүргізілді.

1. Психологиялық ағарту, алдын-алу (профилактика).
2. Психологиялық диагностика.
3. Психологиялық коррекция және түзету.
4. Психологиялық кеңес беру.

Тұлғалық қасиеттерді дамытуға бағытталған сауықтыру, алдын алу және ағарту, тұлға аралық өзара әрекет ерекшеліктерін, қарым-қатынасын зерттеу, педагогикалық үрдістердегі мәселелерді шешуге көмек беру және кеңес беру жұмыстары тәрбиеленушілермен, тәрбиеші-педагогтармен, ата-аналармен, әкімшілікпен жүргізілді.

Жылдық жоспарға сай **қыркүйек** айында балаларды балабақша өміріне бейімдеу мәселелері бойынша жұмыстар жоспарланды. Мектепке дейінгі білім беру орталығына, «Жұлдызша» тобына жаңадан келген және топтан топқа ауысқан балалардың көңіл-күйінің бірқалыпта болуы қадағаланып, бейімдеу парақшалары толтырылды. Балалардың жанұясымен танысып, отбасының әлеуметтік жағдайын анықтау мақсатында сауалнамалар алынды. «Менің балам», «Менің отбасым» тақырыбында ата-аналарға қысқаша шығарма жазып беру ұсынылды. Ата-аналарға «Балаңыз балабақшаға дайын ба?», «МДҰ—дағы алғашқы күндер» тақырыптарында арнайы психологиялық

кеңестер берілді. Балалардың балабақша өміріне бейімделу параметрлері бойынша жүргізілген бақылау нәтижесіне келетін болсақ «Жұлдызша» тобында тізімде 25 бала болды. Бейімдеу дәрежесі жеңіл өтті. Дене денсаулығының көрсеткіштері бойынша балалардың тәбеті, ұйқысы дұрыс болды. Топтың психологиялық бейімделу мониторингінің нәтижесі бойынша 90% жеңіл, 10% орташа деңгейде өтті. Ата-аналарға үйде эмоциялық жағымды ахуал тудыру, үйде балабақша режиміне барынша жақындатылған күн тәртібін сақтау туралы айтылды. Қыркүйек айында топтың ата-аналар жиналыстарында ата-аналармен «Ата-ана баланың алғашқы ұстазы» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

Қазан айында балалардың психологиялық тұрғыдан даму дәрежесінің жеке бағдарлама мен жас шамасына сәйкес келуін анықтау мақсатында «Балапан», «Балдырган», «Ботакан» топтарында диагностикалық зерттеу жұмыстары жүргізілді. Балалардың психологиялық дамуының жеке карталары толтырылды.

Диагностика нәтижесі бойынша:

1 «Балапан» тобы балаларының жеке психологиялық даму деңгейін анықтау әдістемелері бойынша 25 баланың нәтиже көрсеткіштері төмендігідей болды. Топ бойынша жеке психологиялық даму деңгейі:

Қабылдауы	жоғары - 5 - 25%
	орташадан жоғары – 4-20%
	орташа - 5 - 25%
	орташадан төмен – 5 - 25%
	төмен - 2 -10%
Зейіні	жоғары – 3 - 15 %
	орташадан жоғары – 2 -10%
	орташа -8 - 40%
	орташадан төмен -4 - 20%
	төмен – 3 - 15%
Жады(есте сақтауы)	жоғары -2 - 10%
	орташадан жоғары - 5 - 25%
	орташа – 7- 35%
	орташадан төмен – 4 - 20%
	төмен – 2 - 10%
Ойлауы	жоғары -2 - 10 %
	орташадан жоғары -3- 15%
	орташа – 7 - 35%
	орташадан төмен -5 - 25%
	төмен - 3- 15%
Қиялдауы	жоғары – 5 - 16%
	орташадан жоғары -3 - 10%
	орташа -13 - 44%
	орташадан төмен – 2 - 7%
	төмен – 7 - 23%

Жеке жұмыстар жүргізуге тұратын балалар:

Хизиров Абдурашид, Султанхожаев Мухамадир.

Сараптамалық бағалау жалпы топ бойынша төмендегі көрсеткіштерді көрсетті.

жоғары – 3 – 15%
орташадан жоғары – 3 – 15%
орташа – 7 – 35%
орташадан төмен – 4 – 20%
төмен – 3 – 15%

2. «Балдырған» тобы балаларының жеке психологиялық даму деңгейін анықтау әдістемелері бойынша 25 баланың нәтиже көрсеткіштері төмендігідей болды. Топ бойынша жеке психологиялық даму деңгейі:

Қабылдауы	жоғары – 4-23,5%
	орташадан жоғары - 0%
	орташа - 8-47%
	орташадан төмен - 2 - 9%
	төмен - 2-11,8%
Зейіні	жоғары - 3- 17,6%
	орташадан жоғары - 3-17,6%
	орташа - 8-47%
	орташадан төмен - 3 – 17,6%
	төмен - 0%
Жады(есте сақтауы)	жоғары - 4-23,5%
	орташадан жоғары - 2-11,8%
	орташа - 8-47%
	орташадан төмен - 3-17,6%
	төмен - 0 - 0 %
Ойлауы)	жоғары - 4 – 23,5%
	орташадан жоғары - 0 - 0%
	орташа - 8-47%
	орташадан төмен - 3-17,6%
	төмен - 2-11,8%

Жеке жұмыстар жүргізуге тұратын балалар:

Шукир Муслим, Батиржон Хушид,.

Сараптамалық бағалау жалпы топ бойынша төмендегі көрсеткіштерді көрсетті.

жоғары - 4 - 22 %
орташадан жоғары - 1-7,4%
орташа - 8 - 47%
орташадан төмен - 3-16,2%
төмен – 1-7,4%

3. «Ботақан» тобы балаларының жеке психологиялық даму деңгейін анықтау әдістемелері бойынша 25 баланың нәтиже көрсеткіштері төмендігідей болды. Топ бойынша жеке психологиялық даму деңгейі:

Қабылдауы жоғары – 7-30,4 %
орташадан жоғары - 1 – 4,3%

	орташа - 9 - 39%
	орташадан төмен - 4 – 17,4%
	төмен - 2 – 8,7%
Зейіні	жоғары – 5 -21,7 %
	орташадан жоғары - 4-17,3%
	орташа - 7 – 30,4%
	орташадан төмен - 4 -17,3%
	төмен - 3 -13%
Жады(есте сақтауы)	
(көріп, есте сақтауы)	жоғары – 7 – 30,4%
	орташадан жоғары – 3 - 13%
	орташа – 7-30,4%
	орташадан төмен -4-17,3%
	төмен - 2-8,7%
Ойлауы	жоғары – 4-17,3%
	орташадан жоғары - 5-21,7%
	орташа - 8-34,8%
	орташадан төмен - 4-17,3%
	төмен - 2-8,7%

Жеке жұмыстар жүргізуге тұратын балалар:

Сайфулла Мустафо, Хашимбай Мустафо, Султанхожа Асомаддин.

Сараптамалық бағалау жалпы топ бойынша төмендегі көрсеткіштерді көрсетті.

	жоғары – 6 – 25%
	орташадан жоғары – 3-14%
	орташа – 8-34%
	орташадан төмен – 4-17,5%
	төмен – 2-10%

Ескерту: Жалпы балабақша бойынша салыстырғанда ортаңғы тобынан ересек тобына қарай балалардың білімі арта түседі, пайыз көрсеткіштері жоғары. Жылмен салыстырғанда кей бір топтарда пайыз көрсеткіштерінің өзгермеуі, топтағы балалардың тізім бойынша тұрақты болмауы, арасында кейбір балалар кетіп қалып, орнына жаңа балалардың келуі себеп болады. Топқа жаңа келген балалардың бағдарламалық білім меңгеруі төмен көрсеткіш береді.

Психодиагностикалық зерттеу барысында басқа ұлт балаларының тіл жағынан қиналатыны байқалды. Көбінесе балалар үш тілде (қазақ, ана тілінде) жауап береді. Даму көрсеткіштері төмен болған балалармен жеке жұмыстар жүргізу, көбірек ойындарға қатыстыру туралы тәрбиешілерге ұсыныстар берілді. «Өзекті мәселелерді қарау және балалардың бағдарламаны меңгеруі, диагностика қорытындылары» тақырыбында әкімшілік мүшелері мен топ тәрбиешілері таныстырылып, пікір алмасу өткізілді. Балалардың таным белсенділігін арттыру мақсатында түзету жеке жұмыстары жүргізілді.

«Не артық?», «Суреттен не көрдің?», «Айырмашылықтарын тап», «Түсін айт», «Жыл мезгілдерін ата» атты психокоррекциялық ойын-жаттығулар ойнатылды.

Қараша айында тәрбие және білім беру үдірісін анықтау мақсатында тәрбиеші-педагогтардың ашық оқу қызметтеріне, сабақтарына қатысып, психологиялық тұрғыдан талдаулар жасалынды және таңертеңгілік қабылдау кезінде тәрбиешілердің ата-аналармен қарым-қатынасын бақылау жұмыстары жүргізілді. Тәрбиеші-педагогтар арасында «Сенімділік кілті» атты психологиялық тренинг өткізілді

Тренинг мақсаты: Педагогикалық ұжымды ынтымақтастыруға, қарым-қатынас дағдысын дамытуға, өз-өзіне деген сенімділігін, жағымды қатынасты арттыруға, көңіл-күйлерін көтеруге бағытталған. Тренинг жаттығулары педагогтардың бірін-бірі түсінуін, өзін жетілдіру, өзін-өзі тануын дамытады. Тұлға аралық қарым-қатынасты жақсарту, ұжымда демократиялық деңгейді көтеру.

Міндеттері:

Топта жағымды психологиялық климат қалыптастыру;

Топтасып жұмыс істеу жүйесін әрі қарай дамыту;

Педагогтардың коммуникативтік біліктілігін арттыру.

Тренинг барысы:

1. «Мен және менің сенімділігім» психодиагностикалық жаттығу.

2. «Сенімділік дегеніміз не?»

2.Қыздыру жаттығуы «Өзін-өзі бағалау».

3. «Мен сенімдімін, себебі...» жаттығуы.

4. Өзің туралы мақтау өлең жазу.

5.«Сенімді құлау» жаттығуы,

6.Өзін-өзі тану жаттығуы «Суретті таңдап, мінезіңді анықта?»

5.«Су толы тәрелке» жаттығуы,

6.Релаксация «Күн шуақты алаңқай»,

Рефлексия.

Тренингке қатысушылармен тренинг соңында кері байланыс жүргізу мақсатында «Мен нені үйрендім?» деген аяқталмаған сөздер бланкасы берілді:

Мен ... үйрендім

Маған ұнады ...

Мен ... туралы білдім

Мені ... таңғалдырды

Маған ең маңыздысы ... болды.

Маған ұнамады ...

Педагогтар шеңберде тұрып өз ойларымен бөлісті.

Өткізілген жаттығулардың маңызы педагогтарға алға мақсат қойып, мақсатына жету жолында қолдау беретін көмекші іс-әрекеттерді табуда, кедергілерді анықтауда қолдау көрсетеді және кәсіби өсуіне ынталандырады.

Ата-аналар үшін психолог бұрышында «Бала тәрбиелеуде ертегі терапиясының маңызы» атты тақырыбында психологиялық кеңес берілді. Ертегі баланың көңіл-күйі мен адамгершілік қасиеттерін дамытуға әсер ететінін, ертегіні оқытуда оның жанрлық ерекшелігін ескеріп, тәрбиелік мақсатына айырықша көңіл бөлгеніміз жөн екенін, әсіресе, ертегінің мектеп жасына дейінгі балаға тигізер әсері мол, пайдасы зор екені туралы кеңес берілді

Мектепке дейінгі ұйымдарда түрлі кезеңдерде баланың даму динамикасын есепке алуда, балаға педагогикалық қолдау көрсетуде және балалармен әрі қарай жасайтын жұмыстарына түзету жүргізуде ықпал ететін баланың даму деңгей мониторингін жүргізудің, күтілетін нәтижелер бойынша жасалынатын индикатор бойынша тәрбиешілерге психологиялық көмек берілді және баланың даму мониторингін өткізуде қойылатын талаптармен тәрбиешілермен пікір алмастырылды.

Қараша айында жеке психологиялық даму дәрежесі бойынша жоғары көрсеткіш алған балалар арасында «Жұлдызша» тобында «Ақылды балапан» зияткерлік сайысы өткізілді. Мақсаты: Балалардың топта өткізіліп жатқан оқу қызметтерінде алған білімдерін тиянақтау, логикалық ойлау қабілетін дамыту, шығармашылықпен еңбек ете білуге, топпен бірлесе отырып жұмыс істей білуге, өз білімдерін көрсете білуге үйрету. Балалардың ойлау қабілетін, ой ұшқырлығын арттыра отырып, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Сайыс өз дәрежесінде өтті, балалар белсенді қатысты. Ересек тобы балаларының бағдарламалық талаптарға сай білімдерінің жеткілікті екені байқалды.

Жыл басында ұжым мүшелерінен ұжымның әлеуметтік психологиялық климатын анықтау, балабақша жұмысының сапасын арттыру жолдарын қарастыру, бағалы пікірлерін ескере отырып, келесі оқу жылына оқу тәрбиелеу жұмыстарын жоспарлау мақсатында сауалнама алынды. Бес ұпайлық жүйедегі баға бойынша балабақшаның әлеуметтік психологиялық климатына қанағаттанғандық деңгейін берілген 18 сұрақ бойынша өз ой-пікірін, әділ бағасын беру ұсынылды. Сауалнама толтырған 10 қызметкер.

Төмендегі бес баллдық жүйедегі бағамен сауалнаманы толтырып беру сұралады.

- 1 – мүлдем қанағаттанбаймын;
- 2 – қанағаттанбаймын деуге де болады;
- 3 – айтуға қиналамын;
- 4 – қанағаттанарлық деседе болады;
- 5 – толық қанағаттанамын.

Сараптамалық бағалау бойынша жалпы алғанда, берілген 18 сұрақ нәтижесі төмендегідей пайыз көрсеткіш көрсетті:

- 1 – мүлдем қанағаттанбаймын жауабы бойынша – 0,9%;
- 2 – қанағаттанбаймын деуге де болады жауабы бойынша – 2,9%;
- 3 – айтуға қиналамын деген жауап бойынша – 14,2%;
- 4 – қанағаттанарлық деседе болады жауабы бойынша – 35%;

5 – толық қанағаттанамын деген жауап бойынша – 47%;
Диагностика нәтижесі бойынша қауіпті жағдай байқалмады.

(-) – қанағаттану дәрежесі – 3,8%

(+) – қанағаттану дәрежесі – 82%

(^) – ортадағы баға – 14,2%

Сауалнама нәтижелерімен әкімшілік мүшелері мен балабақша қызметкерлері таныстырылды және оны талдау жасалынды.

Педагогикалық ұжымда жағымды әлеуметтік- психологиялық климатты қалыптастыру, әкімшілік мүшелерімен тығыз байланыс жасау бойынша жүргізілетін жұмыстар жалғасын тапсын деген ұсыныс болды.

Оқу жылының екінші жарты жылдығында ортанғы топтағы балалардың сенсорлық дамуы тексерілді. Тәрбиешілерге ортанғы топ балаларымен «Бұл не?», «Зат қандай түсте?», «Түрлі-түсті моншақтар» атты сенсорикалық ойын-жаттығулар ойнату ұсынылды. ортанғы топ балаларының сенсорлық дамуы туралы топ тәрбиешілеріне «Дидактикалық ойындар арқылы сенсорлық дамыту» тақырыбында психологиялық кеңес берілді.

Сенсорлық тұрғыдан дамыту балаларды түрлі сенсорлық әсерлермен байытуға бағытталған және қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастырудың базасы болып табылады. Сенсорлық қабілеттерді қалыптастырудың тиімді құралдарының бірі- дидактикалық ойын. Ойын барысында балаларда байқампаздық, зейін, жады, қиял дамиды, қоршаған ортамен өзара әрекеттесу кезінде олар алған әсерлер ретке келеді, сөздік қоры кеңейеді, ойын және оқу дағдыларына ие болады. Осы мазмұнда кеңес барысында тәрбиешілермен пікір алмасу жүргізілді.

Ақпан айында «Балдырған», «Ботақан» топтарында «Екі үй», «Теңізге саяхат» әдістемелері арқылы топтың психологиялық климаты анықталды. «Сыпайы сөздер», «Айна», «Кім жоқ?» тақырыбында психокоррекциялық ойындар арқылы балаларды бір-бірімен дұрыс қарым-қатынас жасауға үйрету мақсатында ойындар ұйымдастырылды. Топтық ата-аналар жиналысында «Егер балаңызбен ешкім достаспаса...» тақырыбында психологиялық кеңес берілді.

Наурыз айында МДҰ тәрбиешілерінен «Сіз өз тобыңызды және жұмысыңызды жақсы білесіз бе?» атты сауалнама алынды. Тәрбиешілерге өз жұмысына талдау жасау тестісінің ауызша сұрақтарына жауап беру сұралды және бес ұпайлық жүйедегі бағаның қайсысын береді сұрақ бойынша, соны белгілеп беру ұсынылып, өз жұмысына әділ баға беріп, жетістіктері мен кемшіліктерін анықтауға психологиялық қолдау көрсетілді.

Сәуір айында «Жұлдызша» тобы балаларының мектепке оқуға психологиялық дайындығын анықтау мақсатында тест алынды. «Жұлдызша» тобы балалары тест алу барысында 100% сұрақтарға толық, дұрыс жауап берді. «Не үшін балалар мектепке барады?» деген сұраққа жасы толып, үлкен болғаны үшін, тағы да көп нәрселер үйрену үшін, білім алу үшін, сауатты жазу, кітап оқу үшін деген жауаптарды берді.

«Жұлдызша» тобында мектепке бейімделмеудің алдын алуға арналған «Біз мектепке барамыз», «Оқу құралдарын ата», мазмұнды-рөлдік ойын: «Мен оқушымын» атты психокоррекциялық ойындар ойнатылды. Психолог бұрышында ата-аналар үшін «Баланы мектепке қалай дайындау керек?», «Балаңыз мектепке барғанда...» тақырыптарында психологиялық көмек берілді.

Ата-аналар арасында және жалпы жиналыстарда «Бала тәрбиелеуде ертегі терапиясының маңызы», «Гиперактивті балаға қалай көмектесуге болады» «Бала тәрбиесінде жіберілетін он қателік» тақырыптарында психологиялық кеңестер берілді.

Мамыр айында жалпы балабақша бойынша өткізілген мерекелік іс-шараларға үнемі психологиялық қолдау көрсетілді.

Жаңа оқу жылында жіберілген қателіктерді жоюы, балабақша жұмысының сапасын арттыру жолдарын қарастырамыз деген ойдамын.

«Меруерт-Ана» бөбөкжай- балабақшасы ЖШС-нің педагог-психологтың 2024-2025 оқу жылының ІІ-жарты жылдығында атқарған жұмыстарының есебі.

2024-25 оқу жылында алған қойған **мақсатым:** «Педагогикалық ұжымда жағымды әлеуметтік-психологиялық климатты қалыптастыра отырып, баланың өзіндік дамуы мен жеке тұлға ретінде қалыптасуына ықпал ету.» Алға қойған мақсатыма жету үшін төмендегі **міндеттерді** өз міндетіме алдым.

8. Мектеп жасына дейінгі балалардың жеке тұлғасын үйлесімді дамытуға арналған қолайлы психологиялық жағдайлар жасау;
9. Балалардың жеке ерекшеліктеріне диагностика жасау, олардың қызығушылықтары мен қабілеттіліктерін айқындау;
10. Баланың жеке тұлғасы дамуындағы мүмкін болатын жағымсыз факторларды аңғару, оларды түзету.
11. Балалардың психологиялық денсаулығын сақтау және нығайту;
12. Педагогтар мен ата-аналардың арасында психологиялық сауаттылықты насихаттау;
13. Балабақшада психологиялық қызметке дұрыс әлеуметтік сұранысты қалыптастыру;
14. Білім беру үдерісінің барлық қатысушыларына уақытылы психологиялық қолдау көрсету.

Жылдық жоспар құрылып, бекітіліп, міндеттер айқындалғаннан кейін жоспарға сүйене отырып, психологиялық қызмет **4 бағытта** жүргізілді.

5. Психологиялық ағарту, алдын-алу (профилактика).
6. Психологиялық диагностика.

7. Психологиялық коррекция және түзету.
8. Психологиялық кеңес беру.

Тұлғалық қасиеттерді дамытуға бағытталған сауықтыру, алдын алу және ағарту, тұлға аралық өзара әрекет ерекшеліктерін, қарым-қатынасын зерттеу, педагогикалық үрдістердегі мәселелерді шешуге көмек беру және кеңес беру жұмыстары тәрбиеленушілермен, тәрбиеші-педагогтармен, ата-аналармен, әкімшілікпен жүргізілді.

Жылдық жоспарға сай **қыркүйек** айында балаларды балабақша өміріне бейімдеу мәселелері бойынша жұмыстар жоспарланды. Мектепке дейінгі білім беру орталығына, «Жұлдызша» тобына жаңадан келген және топтан топқа ауысқан балалардың көңіл-күйінің бірқалыпта болуы қадағаланып, бейімдеу парақшалары толтырылды. Балалардың жанұясымен танысып, отбасының әлеуметтік жағдайын анықтау мақсатында сауалнамалар алынды. «Менің балам», «Менің отбасым» тақырыбында ата-аналарға қысқаша шығарма жазып беру ұсынылды. Ата-аналарға «Балаңыз балабақшаға дайын ба?», «МДҰ–дағы алғашқы күндер» тақырыптарында арнайы психологиялық кеңестер берілді. Балалардың балабақша өміріне бейімделу параметрлері бойынша жүргізілген бақылау нәтижесіне келетін болсақ «Айгөлек» тобында тізімде 25 бала болды. Бейімдеу дәрежесі жеңіл өтті. Дене денсаулығының көрсеткіштері бойынша балалардың тәбеті, ұйқысы дұрыс болды. Топтың психологиялық бейімделу мониторингінің нәтижесі бойынша 95% жеңіл, 5% орташа деңгейде өтті. Ата-аналарға үйде эмоциялық жағымды ахуал тудыру, үйде балабақша режиміне барынша жақындатылған күн тәртібін сақтау туралы айтылды. Қыркүйек айында топтық ата-аналар жиналыстарында ата-аналармен «Ата-ана баланың алғашқы ұстазы» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

Қантар айында балалардың психологиялық тұрғыдан даму дәрежесінің жеке бағдарлама мен жас шамасына сәйкес келуін анықтау мақсатында «Жұлдызша», «Айгөлек», «Балауса» топтарында диагностикалық зерттеу жұмыстары жүргізілді. Балалардың психологиялық дамуының жеке карталары толтырылды.

Диагностика нәтижесі бойынша:

1 «Жұлдызша» тобы балаларының жеке психологиялық даму деңгейін анықтау әдістемелері бойынша 25 баланың нәтиже көрсеткіштері төмендігідей болды. Топ бойынша жеке психологиялық даму деңгейі:

Қабылдауы	жоғары - 0- 0%
	орташадан жоғары – 0-0%
	орташа - 4 - 36%
	орташадан төмен – 2 - 18%
	төмен - 5 -45%
Зейіні	жоғары – 0- 0 %
	орташадан жоғары – 3 -27%
	орташа -1 - 9%

	орташадан төмен -2 - 18%
	төмен – 5 - 45%
Жады(есте сақтауы)	жоғары -2 - 18%
	орташадан жоғары - 1 - 9%
	орташа – 3- 27%
	орташадан төмен – 3 - 27%
	төмен – 2 - 18%
Ойлауы	жоғары -1- 9 %
	орташадан жоғары -2- 18%
	орташа – 3 - 27%
	орташадан төмен -2 - 18%
	төмен - 3- 27%

Жеке жұмыстар жүргізуге тұратын балалар:

Султанхожа Асамаддин, Арал Айша, Нұрлыбай Азамат.

Сараптамалық бағалау жалпы топ бойынша төмендегі көрсеткіштерді көрсетті.

	жоғары – 7%
	орташадан жоғары – 13%
	орташа – 25%
	орташадан төмен – 20%
	төмен – 34%

2. «Айгөлек» тобы балаларының жеке психологиялық даму деңгейін анықтау әдістемелері бойынша 25 баланың нәтиже көрсеткіштері төмендігідей болды.

Топ бойынша жеке психологиялық даму деңгейі:

Қабылдауы	жоғары – 2-16%
	орташадан жоғары - 0-0%
	орташа - 7-54%
	орташадан төмен - 0-0%
	төмен - 4-32%
Зейіні	жоғары - 2-16%
	орташадан жоғары - 1-8%
	орташа - 5-38%
	орташадан төмен - 2-15%
	төмен - 3-23%
Жады(есте сақтауы)	жоғары - 2-16%
	орташадан жоғары - 0-0%
	орташа - 5-38%
	орташадан төмен - 3-23%
	төмен - 3-23%
Ойлауы)	жоғары - 1-8%
	орташадан жоғары - 2-16%
	орташа - 3-23%
	орташадан төмен - 4-32%
	төмен - 3-23%

Жеке жұмыстар жүргізуге тұратын балалар:

Махмут Айым, Рихсибай Билол, Хусан Аяла, Ералхан Кәусар.
Сараптамалық бағалау жалпы топ бойынша төмендегі көрсеткіштерді көрсетті.

жоғары - 14 %
орташадан жоғары - 6%
орташа - 38%
орташадан төмен - 18%
төмен – 25%

3. «Балауса» тобы балаларының жеке психологиялық даму деңгейін анықтау әдістемелері бойынша 25 баланың нәтиже көрсеткіштері төмендігідей болды. Топ бойынша жеке психологиялық даму деңгейі:

Қабылдауы	жоғары – 3-16 %
	орташадан жоғары - 4-21%
	орташа - 8-42%
	орташадан төмен - 2-10%
	төмен - 2 – 10%
Зейіні	жоғары – 3-16 %
	орташадан жоғары - 3-16%
	орташа - 6-32%
	орташадан төмен - 5-26%
	төмен - 2-10%
Жады	жоғары – 4-21%
	орташадан жоғары – 3 - 16%
	орташа – 7-37%
	орташадан төмен – 3-16%
	төмен - 2-10%
Ойлауы	жоғары – 3-16%
	орташадан жоғары - 2-10%
	орташа - 7-37%
	орташадан төмен - 3-16%
	төмен - 4-21%

Жеке жұмыстар жүргізуге тұратын балалар:

Хизиров Абдурашид, Тахриддин Ясина, Толабай Имран Сараптамалық бағалау жалпы топ бойынша төмендегі көрсеткіштерді көрсетті.

жоғары – 17%
орташадан жоғары – 16 %
орташа – 37%
орташадан төмен – 17%
төмен – 13%

Ескерту: Жалпы балабақша бойынша салыстырғанда ерте жас тобынан ересек тобына қарай балалардың білімі арта түседі, пайыз көрсеткіштері жоғары. Жылмен салыстырғанда кей бір топтарда пайыз көрсеткіштерінің өзгермеуі, топтағы балалардың тізім бойынша тұрақты болмауы, арасында кей бір балалар кетіп қалып, орнына жаңа балалардың келуі себеп болады.

Топқа жаңа келген балалардың бағдарламалық білім меңгеруі төмен көрсеткіш береді.

Психодиагностикалық зерттеу барысында басқа ұлт балаларының тіл жағынан қиыналатыны байқалды. Көбінесе балалар екі тілде (қазақ, ана тілінде) жауап береді. Даму көрсеткіштері төмен болған балалармен жеке жұмыстар жүргізу, көбірек ойындарға қатыстыру туралы тәрбиешілерге ұсыныстар берілді. «Өзекті мәселелерді қарау және балалардың бағдарламаны меңгеруі, диагностика қорытындылары» тақырыбында әкімшілік мүшелері мен топ тәрбиешілері таныстырылып, пікір алмасу өткізілді. Балалардың таным белсенділігін арттыру мақсатында түзету жеке жұмыстары жүргізілді.

«Не артық?», «Суреттен не көрдің?», «Айырмашылықтарын тап», «Түсін айт», «Жыл мезгілдерін ата» атты психокоррекциялық ойын-жаттығулар ойнатылды.

Қараша айында тәрбие және білім беру үдерісін анықтау мақсатында тәрбиеші-педагогтардың ашық оқу қызметтеріне, сабақтарына қатысып, психологиялық тұрғыдан талдаулар жасалынды және таңертеңгілік қабылдау кезінде тәрбиешілердің ата-аналармен қарым-қатынасын бақылау жұмыстары жүргізілді. Тәрбиеші-педагогтар арасында «Сенімділік кілті» атты психологиялық тренинг өткізілді. «Тәрбиеші жұмысында қандай кедергілер кездеседі?» атты сауалнама алынды. Жауаптарды ауыстыра отырып, «Сіз не істеген болар едіңіз?» сауалнама жауаптары бойынша пікір алмасты. Проблемалық мәселердің шешімін бірге іздеп тапты.

Тренинг мақсаты: Педагогикалық ұжымды ынтымақтастыруға, қарым-қатынас дағдысын дамытуға, өз-өзіне деген сенімділігін, жағымды қатынасты арттыруға, көңіл-күйлерін көтеруге бағытталған. Тренинг жаттығулары педагогтардың бірін-бірі түсінуін, өзін жетілдіру, өзін-өзі тануын дамытады. Тұлға аралық қарым-қатынасты жақсарту, ұжымда демократиялық деңгейді көтеру.

Міндеттері:

Топта жағымды психологиялық климат қалыптастыру;

Топтасып жұмыс істеу жүйесін әрі қарай дамыту;

Педагогтардың коммуникативтік біліктілігін арттыру.

Ата-аналар үшін психолог бұрышында «Бала тәрбиелеуде ертегі терапиясының маңызы» тақырыбында атты психологиялық кеңес берілді. Ертегі баланың көңіл-күйі мен адамгершілік қасиеттерін дамытуға әсер ететінін, ертегіні оқытуда оның жанрлық ерекшелігін ескеріп, тәрбиелік мақсатына айырықша көңіл бөлгеніміз жөн екенін, әсіресе, ертегінің мектеп жасына дейінгі балаға тигізер әсері мол, пайдасы зор екені туралы кеңес берілді.

Мектепке дейінгі ұйымдарда түрлі кезеңдерде баланың даму динамикасын есепке алуда, балаға педагогикалық қолдау көрсетуде және балалармен әрі қарай жасайтын жұмыстарына түзету жүргізуде ықпал ететін баланың даму деңгей мониторингін жүргізудің, күтілетін нәтижелер

бойынша жасалынатын индикатор бойынша тәрбиешілерге психологиялық көмек берілді және баланың даму мониторингін өткізуде қойылатын талаптармен тәрбиешілермен пікір алмастырылды.

Желтоқсан айында Ата-аналар үшін «Баланы тәрбиелеуде көтермелеу және жазалау» тақырыбында психологиялық кеңес берілді.

Балалар арасында «Мен әжеме көмектесемін», «Біздің отбасылық мереке» тақырыптарында бала және ата-ана қарым-қатынасындағы үлгі-өнегінің тәрбиелік ықпалын арттыру мақсатында әңгімелер жүргізілді.

Жалпы балабақша бойынша өткізілген мерекелік іс-шараларға үнемі психологиялық қолдау көрсетілді.